

Shet shugýlasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-sarasi gazeti

Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady

beisenbi, 8 qańtar 2026 jyl №01 (11 197)

Ұлттық жоба

Президент тапсырмасын орындай отырып

ЖАҢА МЕКТЕП - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Келешек мектебі» ұлттық жобасымен ауданымызда жаңадан екі мектептің құрылысы басталған болатын. Бірі С.Сейфуллин атындағы кенте және аудан орталығы Ақсу-Аюлы ауылында.

Келіп жеткен жаңа жыл қарсаңында «Келешек мектебі» ұлттық жобасы аясында жаңа заманауи мектеп оқушылар мен ұстаздар үшін есігін айқара ашты.

жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес еліміздің барлық өңірінде жүзеге асырылып жатқандығын, оқу ордасы озық технологиялармен жабдықталып, оқушылардың қауіпсіз әрі сапалы білім алуына барлық жағдай жасалғандығын атап өтті. Сондай-ақ, аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Е.Жәнібеков ұстаздар мен оқушыларға ақ жарма тілегін жеткізсе, мердігер «SMK GROUP» ЖШС-нің негізін қалаушы Медетғали

STEM-зертхана, жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптар, робототехника мен графикалық дизайн кабинеттері, түрлі үйірмелерге арналған арнайы бөлмелер жұмыс істейді. Мектепке жасанды интеллект технологиясымен жабдықталған 22 интерактивті тақта орнатылған.

Білім ордасы қауіпсіздік тұрғысынан да заманауи талаптарға сай. Мұнда полициямен тікелей байланыс орнатуға арналған дабыл түймелері қойылған. Олар бейнекамералармен жабдықталған, бұл төтенше жағдайда ахуалды жедел анықтап, тез әрекет етуге мүмкіндік береді. Мектептің ерекшелігі - бас-тауыш және жоғары сыныптарға арналған бөлек блоктардың болуы. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін де барлық жағдай қарастырылған, бірінші және екінші қабатты байланыстыратын лифт орнатылған.

Өз тілшімізден.



Жаңа мектептің ашылу салтанатында облыс әкімі Е.Бөлекпаев өз лебізін онлайн форматта жеткізді. Облыс әкімі алдымен барша жиналғандарды Жаңа жылмен және жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, аталған білім ордасының өскелең ұрпақтың нағыз білім мен тәрбие ошағына айналатынын атап өтті.

Салтанатты шарада құттықтау сөз сөйлеген аудан әкімі М.Мұхтаров «Келешек мектебі» ұлттық

Жұманғали Жахметов білім ордасының символдық кілтін мектеп директоры Дат Бақаевқа салтанатты түрде табыс етті.

Айта кетейік, 300 орынға арналған білім ордасында оқушылардың жан-жақты дамуына және сапалы білім алуына барлық мүмкіндік жасалған. Кең әрі жарық кабинеттер заманауи, эргономикалық жиһазбен жабдықталған. Мұнда асхана, кітапхана, акт және спорт залдары бар. Сондай-ақ,



ТАЗА АУЫЗ СУ - ТҰРҒЫНДАР ИГІЛІГІ

Халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету - басты міндеттердің бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында бес жыл ішінде халықтың 100 пайызын таза ауыз сумен қамтамасыз ету керектігін айтып, тапсырма берген болатын.

Осыған орай Жаңа жыл мерекесі қарсаңында ауданымызға қарасты Көктіңкөлі ауылдық округінің Әлихан және 56-разъезд елді мекендерінде орталықтандырылған таза ауыз су құбыры іске қосылды.

Ауыл тұрғындарын қуанышқа кенелткен шараға аудан әкімі М.Мұхтаров арнайы барып, қуаныштарына ортақтасып қайтты.

лекет басшысы алдымызға қойған міндеттерге сәйкес аудан тұрғындарын таза ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүгенін, сондай-ақ, бұл ауыл тұрғындары үшін әлеуметтік маңызы зор мәселе екенін атап өтті.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы 2025 жылға дейін қазақстандықтарды толықтай таза ауыз сумен қамтамасыз ету міндетін қойған болатын. Бұл бағытта ауданымыз айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Аудандағы елді мекендер орталықтандырылған сумен жабдықталған.

Сонымен қатар, аудан әкімі М.Мұхтаров осы сапары барысында аудан жұртшылығы атынан Эр-Рияд қаласында өткен (Сауд Арабиясы) халықаралық деңгейдегі Ислам



Көптен күткен бұл жоба ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырып тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды қадам болып отыр. Бүгінде осы екі ауылды ауыз сумен қамту жобасы толық аяқталып, нысан қазіргі талаптарға сай қолданысқа берілді.

Ауыл тұрғындарын құттықтаған аудан әкімі өз сөзінде - Бұл - мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауылдық елді мекендерді дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау аясындағы нақты нәтижелердің көрінісі екенін және бүгінде мем-

ынтымақтастығы ойында-рында зілтемір көтеруден үш дүркін чемпион атанған, Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі, жерлесіміз Ковальчук Любовь Владимировнаны аудан әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапаттап, қаржылай сертификат пен естелік сыйлығын табыс етті.

Өз тілшімізден.
Көктіңкөлі ауылдық округі.